

«ОРАЛ ҚАЖАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ, ММ
«ЕСКЕНДИР 07» ЖШС «ЕСКЕНДИР» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫ

Бекітемін
«Ескендір» жекө бөбекжайының
директоры Базаралиева Б.Т.
«02» 09 2025 ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

Оқу бағдарламасы негізінде 2025 – 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Еркөмай» ересек тобы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Ескендир» бөбекжайы

Топ : Еркемай ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату.</p> <p>Негізгі қимылдар: өкшемен жүру аяқтың ұшымен жүргіру 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу; бір орында тұрып, қос аяқпен секіру заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату; сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, бір-бірден сапқа тұру</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p>

	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды үйрету. Сөздік қор. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор</p>

	<p>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету.</p> <p>Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама: Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту</p> <p>Геометриялық фигуралар: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>

<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, судың қасиеттерін анықтауды үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауына зейіндерін аударуды дамыту</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.</p>

	Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуді, Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауын қалыптастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету

Білім беру ұйымы : «Ескендір» бөбекжайы
 Топ: Еркемай ересек топ
 Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бұғу.</p> <p>Негізгі қимылдар: аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүргізу; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында,</p>

	<p>дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды пысықтау.</p> <p>Сөздік қор. сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық кепінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p>

	<p>Сөздік қор Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама: Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету;</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау.</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>

<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру</p> <p>Заттық әлем: Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білуді дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтауды үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық</p>

	жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды дамыту.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққа білеті мен қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды меңгерту.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру Билер: музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту

Білім беру ұйымы : «Ескендир» бөбекжайы
 Топ : Еркемай ересек топ
 Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p>Негізгі қимылдар: адымдап жүру адымдап жүгіру жүргіру етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), тақтайдың бойымен тепе-теңдікті сақтап бойымен жүру бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p>

	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен»),</p>

	<p>«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын:</p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту.</p> <p>Сан, санау:</p> <p>Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама:</p> <p>Биіктігі бойынша екі затты салыстыру</p> <p>Геометриялық пішіндер:</p> <p>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p>Кеңістікте бағдарлау:</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау:</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту .</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау</p> <p>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру.</p>
Жапсыру	<p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді меңгерту.</p> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p>

<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен),</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сылдырмақтарды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкесқимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету.</p> <p>Заттық әлем: Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудің қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған</p>

жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.

Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.

Жануарлар әлемі.

Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Білім беру ұйымы : « Ескендир» бөбекжайы

Топ : Еркемай ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаузақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.</p> <p>Негізгі қимылдар: жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру сапта бір-бірден, шеңбер бойымен жүргізу табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын</p>

	<p>(қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу</p>
Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы</p>

	<p>туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау</p> <p>Шама: Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау.</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза</p>

	<p>және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындату</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p>Билер: Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>Заттық әлем: Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуін ұйымдастыру</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p>

Білім беру ұйымы : «Ескендир» бөбекжайы

Топ : Еркемай ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұту және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.</p> <p>Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру «жыланша», шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру бағыт бойынша түзелу</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p>

	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда жәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету</p> <p>Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа).</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.</p>
